

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН МӘДЕНИ ІС-ШАРА

Орындаған: Қуатбекова Назерке

Тексерген: Шаймуратова Динара

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев білім мен ғылым қызметкерлерінің ІІ съезінде «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр», - деген болатын. Ендеше елдің ұлтжанды азаматын тәрбиелеймін деген кез келген ұстаз ұлттық мәдениетпен, тарихи, мәдени мәліметтер және құнды ата-баба мұраларымен қарулануы қажет.

КІРІСПЕ

Курстық жұмыстың мақсаты: оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру.

Оқушының бос уақытын тиімді пайдалануы үшін мектепте мынадай мақсаттарды алдыға қоямыз:

Курстық жұмыстың міндеттері:

1. Жеке тұлғаның жоғары адамгершілік қасиеттерін дамыта тәрбиелеу;
2. Жеке технологиямен жұмыс істеу мүмкіндігін тудыру;
3. Өз ара түсінушілік, жылы психологиялық ахуал тудыру;
4. Шығармашылыққа жағдай жасау;
5. Дарынды балалардың мүмкіндігін ашу. не, жалпы жан - жақты болуына арналады.

БОС УАҚЫТ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Әлеуметтанушы Г.П.Орлов: «Бос уақыт бұл- адамның еркін әрекет аймағы мен дамуы болып табылатын әлеуметтік уақыттың бір бөлігі. Ол әр адамның рухани даму деңгейі мен барлық әлеуметтік қатынастар жиынтығымен қамтамасыз етілген». Орлов педагогикаға қатысты мынадай пікір білдірген: « ... бос уақыт-бұл ең алдымен өсіп келе жатқан жас ұрпақтың мектептегі, одан тыс отбасындағы тәрбиелеу мәселесі»

Бос уақыт – адамның физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, рухани және материалдық қызығушылықтарын өз қалауына сәйкес жүзеге асыруға қолданылатын, оқу және еңбек әрекеттерін орындаудан тыс қалған жалпы уақыт көлемінің бөлігі.

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ДЕНГЕЙЛЕРІН АТАП ӨТУГЕ БОЛАДЫ:

- **Пайдалы әрекеттік**
- **Енжар-пайымдаушы.**
- **Тиімсіз.**
- **Танымдық қажеттілік.**

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ДЕҢГЕЙЛЕРІН АТАП ӨТУГЕ БОЛАДЫ

1.Пайдалы әрекеттік	2.Танымдық қажеттілік.	3.Енжар-пайымдаушы.	4.Тиімсіз
<p>Оқушы өзінің оқудан тыс әрекеттерін жоспарлау дағдысын меңгергендігін көрсетеді; қандайда бір әрекет түрін жүзеге асыруды бастамас бұрын алдына мақсат қояды. Олар үшін оқудан тыс ұжымның жұмыстарға қатысу ғана емес, меңгерген рухани құндылықтарын тәжірибеде жүзеге асырып көруге талпыныс болып табылады.</p>	<p>. Бос уақытты пайдаланудың бұл деңгейі көп жағдайда оқушылардың жекелік қызығушылықтары және қабілеттіліктері негізінде анықталады. Оқудан тыс ұжымдық жұмыстарға қатысу олар үшін қажеттілік болып табылмайды. Мұндай оқушылар ұйымдастырушылық қабілетке ие емес, көбіне уақытша тікелей берілген тапсырмаларды ғана орындайды..</p>	<p>Бос уақытты пайдалану мәдениетінің бұл деңгейіндегі оқушылар өз тынығу уақытын тиімді ұйымдастыру жайлы еш ойланбайды, оны жоспарлаудың қарапайым дағдыларында меңгермеген. Олар телебағдарламалар көру, қыдыру, көңіл-көтеру, би кешіне бару сияқты ойын-сауықтық сипаттағы әрекет түрлеріне баруды жөн санайды.</p>	<p>Мұндай деңгейде оқушыларда рекреациялық қызмет тіпті деструктивті мінез басым болады, әлеуметтік маңызы бар бағыттағы бос уақытты тиімді пайдаланудың барлық формаларына жағымсыз қатынас білдіреді. Өзіндік талпынысы ұйымдастырылмаған, жоспарланбаған қарым-қатынас немесе ауладағы топтарды іздеуінен байқалады. Бос уақыттық жұмыстары ретсіз, қауіпті және әлеуметтенуге қарама-қарсы сипатта болады</p>

Оқушыдарды бос уақытын тиімді ұйымдастыруда танымдық саяхат жолдары мен рөлі.

Танымдық саяхат—адамның бос уақытында негізінен айтқанда жұмыстық, не мәлім міндеттік мәжбүрлеумен емес, туысшылаумен емес, өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін, тәуекел жасау үшін, көріп қызықтау үшін, яғни субъективті рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуендеп баруы. Жақын жердегі қысқа мезетті орындалатыны—серуен делінсе, алыс жерге аттанған ұзақ мерзімдісі - саяхат делінеді

ТАНЫМДЫҚ САЯСАТ ТҮРЛЕРІ

- **Кіріспе саяхат.**
- **Қорытынды саяхат.**
- **Ілеспелі саяхат.**

ТАНЫМДЫҚ САЯСАТ ТҮРЛЕРІ

Кіріспе саяхат	Ілеспелі саяхат	Қорытынды саяхат
<p>Біріншісі – кіріспе саяхат деп аталады. Ол сабақта күрделі тарау, тақырыптарды өтер алдында ұйымдастырылады. Саяхаттың бұл түрін бастауыш сыныптарда алдын-ала өткізсе, олар үшін сабақ өте қызықты жағдайда болады.</p>	<p>Екіншісі – ілеспелі саяхат деп аталады. Ол белгілі бір тақырыпқа арналып, сабақ барысында оның орта шенінде жүргізілуі мүмкін</p>	<p>Үшіншісі – қорытынды саяхат деп аталады. Ол күрделі тарау немесе тақырыпты өтіп болғаннан кейін оқушылардың сабақтар жүйесінде алған теориялық білімдерін пысықтау, бекіту мақсатын көздейді. Оқу саяхаты оқытудың дидактикалық және политехникалық принциптерін іске асырады.</p>

Кіріспе саяхат.

**Жаңа тақырыпты түсіндіру
алдында оқушылардың қажетті
білімді жинастыруы.**



ІЛЕСПЕЛІ САЯХАТ

Ұзақ мерзімді оқушылардың
үлкен тақырыппен жұмыс істеуі,
кейбір мәселелерді иллюстрациялау.



ҚОРЫТЫНДЫ САЯХАТ

Белгілі тарау аяқталғаннан кейін өткізіледі.



Оқушы шығармашылығын дамытудың негізін- танымдық іс-әрекеттерге баулу

Клубтар дегеніміз- - жастар мен жасөспірім, сондай-ақ, балаларға арналған мектептен тыс уақытта мәдени тәрбие мен қосымша әртүрлі саладағы үйірмелерге баулайтын тәрбие беретін ұйым түрі. Бұл ұйым түрі балалардың болашақта жан-жақты, білімді, мәдениетті, ең бастысы көрегенді әрі тәриелі боп қалыптасуына өз оңды ықпалын тигізеді.

Клуб мақсаты: клубта балалар тек қана жан-жақты үйрену, рухани да дем алу қалады және қоғамдық шараларға өз үлестерін қосу, мектептен тыс уақытта мәдени тәрбие алу.

Мектептегі клуб түрлері: домбыра, спорттық, би, шығармашылық, музыкалық, хореографиялық, хор, драма, қуыршақ театры.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ШАТТЫҒЫ БОЙЫНША АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ АРНАЛҒАН КӨРІНІСІ



Үйірме жұмысы
балаларды пәндік,
техникалық, спорттық
секцияларға біріктіреді.
Бастауыш сыныптардағы
үйірме жұмыстарының
мақсаты – оқушыны ғылым
мен техника әлеміне
енгізу, жасампаздық
қабілеттері мен
дарындарын дамыту,
оқушылардың тәжірибелі
білігі мен дағдыларын
қалыптастыру, үйірме
жұмыстарында алған
білімдерін сабақтарда
пайдалануға үйрету.



БИ ҮЙІРМЕСІ

- Би өнері және баланың жеке басының жан – жақты жетілуі Балаға эстетикалық тәрбие беру құралы Би қимылдары мен музыкалық ойын әрекеттерін орындай алуға ынталандыру Ақыл – ой қабілеттерін жандандыру құралы Дене күшін жандандыру құралы Би үйірмес
- Музыкалық тәрбие – музыкант тәрбиелеу емес, ең алдымен адам тәрбиелеу” В.А. Сухамлинский і



ДОМБЫРА ҮЙІРМЕСІ

Домбыра – ерте заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан, оның рухани жан серігіне айналған музыкалық аспаптардың бірі.

Күй – қазақ халқының музыкалық мұрасы.

«Күміс күй» атты домбыра үйрену үйірмесінің бағдарламасы оқушылардың қазақтың домбырасына деген сүйіспеншілігін және өз еліміздің тарихи аңыздарын білімдерін жетілдіруге негізделген.

Бағдарламаның басты темірқазығы балаларға домбыра үйрету арқылы олардың жалпы халық өнеріне деген ынтасын арттыру. Домбыра үйрету барысында халықтың музыка педагогикасына арқа сүйей отыра коллективті түрде нотасыз домбыра тартып үйретудің әдістемесін ұсынады.



МЕНТАЛЬДЫ АРИФМЕТИКА

Ментальды арифметика – ғылым емес, математикалық тәсіл. Оны кез келген бала меңгере алады, сондықтан оларды вундеркинд деп ұлықтаудың қажеті жоқ. Психолог маманның сөзіне сенсек, бұлайша дәріптеу балалардың өзін-өзі бағалау түсінігіне кері әсерін тигізеді екен. Ментальды арифметика балаларды ой ұшқырлығына баулиды, жылдам шешім қабылдауға дағдыландырады. Дәл осындай нәтижеге түрлі жұмбақтарды шешу арқылы да қол жеткізуге болады. Бұл талай жылдар бойы дәлелденген аксиома.



Лагерлер- кез келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді. Оқушылардың күндізгі уақытын өткізуге арналған лагерьде олардың демалысын барынша оңтайлы өткізуге барлық жағдай жасалған

Мектеп лагері — белсенді демалыс аймағы, насихаттық, дидактикалық, сөздік мектеп әрекетінен өзгеше әртүрлі қоғамдық мәні бар бос уақытты өткізу орны.



Назарларыңызға рахмет !!!!!